13. Lee H., Kim Y. Адаптивті оқыту технологияларының тілді меңгерудегі рөлі // *Халықаралық білім беру технологиялары журналы*. – 2020. – Т. 5, №2. – Б. 117-130.
14. Wang X. Тілді оқытудағы мультимедиа жүйелері: жаһандық көзқарас // *Білім беру саласындағы зерттеу шолуы*. – 2019. – Т. 7, №1. – Б. 44-58.

Авторлар туралы мәлімет:

Жапақов Серік Игілікұлы – Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Алматы қаласындағы №109 жалпы білім беретін мектептің директоры

Жаманбаланова Гүлшат Абдрашитқызы – Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша әдіскер, Алматы қаласы білім басқармасының білім берудегі жаңа технологиялар қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы

Нурбаева Аида Мұхтарқызы – PhD докторы, қауымдастырылған профессор (м.а.), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Сведения об авторах:

Жапаков Серик Игиликович – кандидат филологических наук, доцент, директор средней общеобразовательной школы №109 города Алматы

Джаманбаланова Гульшат Абдрашитовна – методист по русскому языку и литературе, Городской научно-методический центр новых технологий в образовании, Управление образования города Алматы

Нурбаева Аида Мухтаровна – доктор философии (PhD), исполняющая обязанности ассоциированного профессора, Казахский национальный педагогический университет имени Абая.

Author Information:

Serik Igiliuly Zhapakov – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Principal of General Secondary School No. 109, Almaty, Kazakhstan

Gulshat Abdrashitovna Zhamanbalanova – Methodologist in Russian Language and Literature, City Scientific and Methodological Center for New Educational Technologies, Department of Education of Almaty City

Aida Mukhtarovna Nurbayeva – Doctor of Philosophy (PhD), Acting Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1653-0383>

XҒТАР 16.21.55

А.Б. КИСТАУБАЕВА 

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

(e-mail: kistaubayeva04@mail.ru)

**КӨРКЕМ МӘТІННІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: Т. ДРАЙЗЕРДІҢ «АМЕРИКАНДЫҚ ТРАГЕДИЯ»
РОМАНЫНДАҒЫ ТУРА ЖӘНЕ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАЛЫ
СӨЗДЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ**

Аңдатпа. Бұл мақалада көркем мәтіннің лексика-семантикалық ерекшеліктері қарастырылады, әсіресе атақты американдық жазушы Теодор Драйзердің «Американдық трагедия» романындағы сөздердің тура және ауыспалы мағыналы және олардың өзара байланысы талданады. Автордың сөз қолданысы арқылы

кейіпкерлердің эмоциялық жай-күйін, мазмұнын тереңдету арқылы сипаттайды. Зерттеуде тура мағыналы сөздердің оқырманға нақты ақпарат берудегі рөлі мен ауыспалы мағынаның бейнелілік пен экспрессивтілікті арттырудағы қызметі айқындалады. Сонымен қатар, Т. Драйзердің стиліндегі метафора, эпитеттік мағынаға ие лексикалық бірліктердің шығарманың мазмұнын ашудағы маңызы қарастырылады. Көркем мәтіндегі семантикалық құрылымның ерекшеліктерін талдау арқылы шығарманың көркемдік жүйесі мен авторлық мақсатына жету құралдары анықталады. Бұл зерттеу лингвистика саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Түйін сөздер: лингвисттер, тікелей және ауыспалы мағына, метафора, эпитет, лексика-семантикалық ерекшеліктер, Т. Драйзер

Кіріспе. Көркем мәтіннің лексика-семантикалық ерекшеліктері әдеби шығармаларды талдаудың маңызды бөлігі ретінде саналады, себебі автор тек тілдік құралдарды қолданып қана емес, сонымен қатар оқырманға шығарманың негізгі идеясын, мақсатын, айтылатын негізгі ойдың маңыздылығы мен онда көрсетілетін басты оқиғаның әсерлі де, мәнді сипатталуы үшін лексика-семантикалық талдаудың алатын орны ерекше. Жалпы, көркем мәтінді лексика-семантикалық түрде талдау әр автордың басты ерекшелігі мен қағидасы. Сонымен қатар, аталған терминді көптеген лингвисттер өзара талдау жасап, көркем әдебиетте зерттелуі тарапын көрсеткен. Мысалы, орыс лингвисті В.В. Виноградов өзінің «Сөздің лексикалық мағыналарының негізгі түрлері» («*Основные типы лексических значений слов*») еңбегінде көркем мәтіндегі лексика-семантикалық талдау жайлы қалыптастырған өзіндік ойы болған [1]. Орыс лингвисті В.В. Виноградовдың ойынша, сөздің семантикалық шекаралары мен семантикалық құрамын дәлірек түсіну үшін еркін және фразеологиялық мағыналары бар сөздерді ажыратудың маңыздылығын атап өтті. Бұл сөздердің мағыналарының лексикалық және жеке семантикалық сипаттамалары, сөз тіркестерінің жалпы мағынасын сипаттаумен алмастыруға әкелуі мүмкін екенін атап өтті. Сонымен қатар, орыс лингвисттері Б.И. Осипов және В.М. Марков көркем мәтіннің лексика-семантикалық ерекшеліктерін негізгі 3 түрге бөліп көрсетті. Олар: метонимия, метафора және конверсия. Олардың ойынша, мәтінде кездесетін сөзжасамның түрлері сөздердің мағынасын түбегейлі өзгертіп ғана қоймай, сонымен қатар жаңа сөздер мен жаңа мағыналардың туындауына алып келетіні сөзсіз екенін атап айтқан. Мәтінде кездесетін лексикалық, семантикалық ерекшеліктерді орыс лингвисттерінен басқа шетелдік лингвисттерде жан-жақты зерттеп, ойын білдірген. Солардың бірі, ағылшын лингвисті Майк Шорт өзінің «Көркем әдебиеттегі стиль: ағылшын көркем прозасына лингвистикалық кіріспе» («*Style in Fiction: A Linguistic Introduction*

to English Fictional Prose») ғылыми жұмысында көркем мәтінді екі түрлі сипатта сипаттаған. Мысалы: көркем мәтін түсінуге айқын болуы мүмкін немесе керісінше екі ой тудыратын, бақылау мен саралауды талап етуі мүмкін. Дәл осы аталып отырған екі фактор мәтіннің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне сай. Себебі, шығармада кездесетін әрбір сөздің мағынасы, тарихы мен қолданылуы аясы болады [4]. Өз кезегінде, Қазақстандық лингвисттер де көркем мәтінде кездесетін лексика мен семантиканың алатын орнын ерекше атап өткен. Мысалы, академик Ә.Қайдардың пікірінше, мәтінде кездесетін сөздердің басым бөлігі еліміздің менталитетін, дәстүрін және де халықтың дүниетанымын сипаттайтынын айтады. Академиктің көптеген ғылыми еңбектері дәл осы тақырыптарды қамтиды. Мысалы, «Қазақ тілінің өзекті мәселелері», «Этнолингвистика» атты жұмыстарында тілдің немесе мәтіннің семантикалық аспектілері аталып өткен. Аталмыш лингвисттер, академиктердің айтатын ойы да, қалыптастырған пікірлері де бір. Себебі, көркем мәтіннің лексика-семантикалық ерекшеліктері – ең алдымен, автордың көркем образ жасауы және шығарманың басты идеясын жеткізу үшін қолданатын лексикалық бірліктер мен олардың мағыналарының жиынтығын көрсетеді. Сонымен қатар, лексика-семантикалық сипаттаудың өзіндік маңызды 2 түрін атап өткен жөн. Олар: сөздің тура және ауыспалы мағынасы. Себебі, әрбір көркем мәтінде дұрыс қалыптасқан ой мен идеяның болуы – тікелей сөз бен оның құрылымына байланысты болып келеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Көркем мәтінді лексика-семантикалық тұрғыдан зерттеу – оның құрылымдық-мағыналық бірліктерін анықтап, тілдік құралдардың қызметін ашуға бағытталған кешенді талдау әдістерін қолдануды білдіреді. Бұл зерттеу барысында Теодор Драйзердің «Американдық трагедия» романындағы тура және ауыспалы мағыналы сөздердің өзара байланысы мәтіндік талдау, құрылымдық-семантикалық, салыстырмалы және контекстуалдық әдістер негізінде қарастырылады.

Мәтіндік талдау әдісі көркем шығармада қолданылған лексикалық бірліктерді іріктеп, олардың мағыналық ерекшеліктерін жүйелеуге мүмкіндік береді. Құрылымдық-семантикалық әдіс арқылы сөздердің тура және ауыспалы мағыналарының қалыптасу заңдылықтары айқындалып, олардың мәтін ішіндегі қызметі сараланады. Салыстырмалы әдіс негізінде зерттеліп отырған лексикалық құралдардың дәстүрлі және авторлық қолданыстағы ерекшеліктері салыстырылады. Сонымен қатар, контекстуалдық талдау әдісі сөздердің мағыналық реңктерінің мәтінге байланысты өзгеруін анықтауға бағытталады.

Зерттеудің әдіснамалық негізін құрылымдық-лингвистикалық, семантикалық және мәтіндік талдау қағидаттары құрайды. Лексика-семантикалық

ерекшеліктерді зерттеуде сандық және сапалық әдістердің үйлесімді қолданылуы көркем мәтіндегі мағыналық жүйені кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді.

Талқылау және бақылау. Көркем мәтін немесе күнделікті өмірде қолданатын сөздердің алатын орны ерекше. Осы орайда, «сөз» терминінің тарихы да, қолданылуы аясы да өте кең. «Сөз» терминінің шығу тегі әрбір елде әртүрлі қалыптасып, әртүрлі баламалар берілген. Мысалы, ежелгі грек тілінен аударғанда «λόγος» (logos), ол «сөз», «сөйлеу», «ой» деп аударылады, ал латын тілінде сөз «вербум» айналды, яғни «сөз» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тілінде «сөз» термині ежелгі түрік тілдерінен бастау ала отырып «söz» ұғымы «сөз», «сөйлеу» мағыналарына ие болды. Сонымен қатар, орыс тілінде «сөз» термині славян түбірінен шыққан, «сөйлеу», «айту» мағынасын білдіреді және де ағылшын тілінде «сөз» термині ежелгі герман тілдерінде «wurda», ал үндіеуропалық тілде «wɪɹdʰiɔm» қолданыла отырып, «сөз» мағынасын берген [5]. Осылайша, «сөз» белгілі бір объектіні немесе әрекетті білдіріп ғана қоймай, сонымен қатар, қарым-қатынас кезінде қалыптасатын мәдени және эмоционалды мағыналардың тасымалдаушысы ретінде қызмет етеді. «Сөз» терминін тереңірек түсіну лингвистика лексика-семантикалық ерекшеліктерімен байланысты болып келеді, яғни сөздің тура және ауыспалы мағынасы – көркем мәтінде қалыптасқан негізгі, әрі маңызды бөлігі. Сөздің тікелей мағынасы – негізгі, сөзбе-сөз мағына, яғни, белгіленген затпен, әрекетпен немесе қасиетпен тікелей байланысты. Тура мағына бастапқы және нақты мағына болып қалыптаса отырып, сөздің ауыспалы мағынасында туындайтын мәндердің негізі ретінде қызмет етеді. Мысалы, «суық су» тіркесінде «суық» сын есімі судың төмен температурасын білдіріп, тікелей мағынада қолданылады. Ал, сөздің ауыспалы мағынасы – сөздердің өзгеше, жарқын мағынада қалыптасуы, яғни ерекше аспектілерден құрала отырып, идеяны нақтылайды және мәтінге ерекше бір көрініс және бейнелі түрде сән береді. Ауыспалы мағынада жазу тілдің байлығын және тереңдігін көрсете отырып, шығармаға қосымша өлшем береді [6]. Жазушылардың өз шығармаларында әрдайым ауыспалы мағыналы сөздерді қолдануының бір себебі: шығарманың негізгі ойын түсінікті, түрлі-түсті және өзгеше түрде жеткізу. Себебі, ауыспалы мағынада жасалынған сөздер автор мен оқырмандар арасында көзге көрінбейтін бейнелі көпірдің пайда болуына әкеледі. Ауыспалы сөздің мағынасы – түсініксіз және бейтаныс идеяларды нақтылау құралы және абстрактілі шындықтың басты факторы ретінде қарастырамыз [7]. Көркем мәтін – әрбір жазушының өмірінен, қаламынан туындаған құнды мұра. Дәл осы құнды мұралардың басым бөлігінің лексика-семантикалық ерекшеліктері тікелей сөздің тура және ауыспалы мағынасымен байланысты. Бірақ та, дәл осы лексика-семантикалық ерекшеліктерді көптеп қолданған жазушы-

лардың бірі – американдық жазушы Теодор Драйзер. Жазушы өзінің атақты шығармаларының бірі – «Американдық трагедия» еңбегінде көркем мәтіннің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне аса назар аударған. Туынды – бұл сәттілікке ұмтылған басты кейіпкер туралы әңгіме ғана емес, сонымен қатар әртүрлі кейіпкерлердің тағдырлары тоғысатын терең әлеуметтік драма, олардың әрқайсысы белгілі бір әлеуметтік деңгейлер мен мақсаттарды бейнелейді. Бұл тұрғыда мәтіннің лексикалық-семантикалық ерекшеліктері оның терең мағынасын түсінудің кілті ретінде қарастырамыз. Т. Драйзер сыртқы жағдайларды ғана емес, кейіпкерлерінің ішкі тәжірибесін де жеткізу үшін бай және алуан түрлі тілді қолданады. Сөздердің тікелей және ауыспалы мағыналары мәтіннің күрделілігін көрсете отырып, оқырманға оны әр түрлі деңгейде қабылдауға мүмкіндік береді.

Көркем әдебиетте тікелей мағына көбінесе бейнелі мағынамен ұштасып, күрделі семантикалық құрылымдар жасайды. Мысалы, Теодор Драйзердің романында автор қолданған сөздер заттар мен әрекеттерді білдіріп қана қоймай, терең әлеуметтік, психологиялық және философиялық мағыналарға толы. Сонымен қатар, көркем шығармада табиғатты сипаттайтын сөздер кейіпкерлердің физикалық жағдайы туралы ақпаратты жеткізіп қана қоймай, олардың ішкі күйін де көрсете алады. Мысалы, шығармада кездесетін «көл» сөзінің тікелей мағынасы жай ғана су қоймасының белгісі болуы мүмкін және де кейіпкердің терең ішкі тәжірибесін, оның бостандыққа деген ұмтылысын немесе, керісінше, әлеуметтік құрылым шеңберінде түрмеге қамалуын білдіруі мүмкін. Осылайша, тікелей семантика автордың оқырманға жеткізуге тырысатын күрделі бейнелер мен мағыналарды жасауға негіз болады. Көркем мәтіндегі тікелей мағынаның лексика-семантикалық сипаттамаларының маңызды аспектісі – ассоциациялар мен эмоцияларды тудыру қабілеті. Қарапайым және түсінікті болып көрінетін сөздер оқу процесінде ашылатын жасырын мағыналарға ие болуы мүмкін. Мысалы, шығармада жиі пайдаланатын «жарық» және «қараңғылық» сияқты сөздер сөзбе-сөз мағынаны ғана емес, сондай-ақ, үміт пен үмітсіздікті, сәттілік пен сәтсіздікті де білдіруі мүмкін. Бұл сөздердің тікелей мағынасы мәтінді байытатын және күрделі бейнелерді жасаудың бастапқы нүктесі болып табылады. Т. Драйзер өз еңбегінде тек сөздердің тікелей мағынасын қолданып қоймай, берілетін мағынаны, сипаттауды фонетикалық тұрғыда да көрсеткен. Оның пікірінше, сөздің дыбыстық формасы оның қабылдауы мен эмоционалды түсініктің қалыптасуына әсер етеді. Мысалы, үнді дыбыстарды қолдана отырып (*l, m, n, r*) жұмсақ, әуезді дыбыстардың туындауы жағымды эмоциялар мен мағыналар тудыруы мүмкін, ал қатаң дыбыстар (*t, d, k, g*) жағымсыз эмоциялармен байланысты болуы мүмкін. Романында сөздердің фонетикасы белгілі бір көңіл-күй мен атмосфераны шебер құрады, бұл сөздің тікелей

мағынасының лексика-семантикалық сипаттамаларының маңыздылығын көрсетеді. Көркем мәтіндегі сөздің тікелей мағынасының лексика-семантикалық сипаттамалары, әсіресе шығармада, семантикалық жүктемені қалыптастыруда айрықша маңызға ие. Сөздердің тікелей мағынасы автордың эстетикалық және концептуалдық көзқарастарын білдіретін күрделі көркем бейнелер мен ассоциациялар жүйесін құруға негіз болды. Бұл құбылыс көркемдік коммуникацияның тиімділігін арттырып, мәтіннің семантикалық тереңдігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, тікелей мағынаның фонетикалық және эмоционалдық ерекшеліктері мәтіндегі экспрессивтілік деңгейін күшейтіп, оқырманның қабылдау процесіне тікелей әсер етеді.

Көркем мәтінде қолданылатын сөздің ауыспалы мағынасы – сөз семантикасының маңызды аспектісі, себебі, белгілі бір сөздің тікелей, нақты мағынасын емес, метафоралық, символдық немесе аллегориялық қолданысын білдіреді. Бұл құбылыс көркем мәтіндерде күрделі бейнелер қалыптастыруға мүмкіндік беріп, шығарманың мағыналық құрылымын тереңдетеді. Көркем әдебиетте ауыспалы мағына айрықша рөл атқарады, себебі ол кейіпкерлердің эмоционалдық күйін, шығарманың атмосферасын және оның идеялық-тақырыптық мазмұнын жеткізуге ықпал етеді. Теодор Драйзердің романында сөздердің ауыспалы мағынасы кейіпкерлердің ішкі әлемін ашуда шешуші рөл атқарады. Автор күрделі психологиялық күйлерді, әлеуметтік оқиғаларды және философиялық идеяларды жеткізу үшін әртүрлі лексика-семантикалық құралдарды жоғары дәрежеде пайдаланады. Мысалы, оқырманға кейіпкерлердің ішкі қақтығыстарын және олардың мақсатқа деген ұмтылысын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін метафора, эпитет, оксиморон, метонимия, ирония сияқты бейнелеу құралдарына жиі жүгінеді. Мысалы, жазушы өз шығармасында метафораны қолдана отырып, мәтінді бейнелі түрде жарқын әрі астарлы ұғымдардың терең мағынасын ашып көрсетеді. Оған дәлел ретінде, «Американдық трагедия» романынан байқай аламыз (*барлық мысалдар романның жазылған тілінен алынған*):

- «*as the genie at the accidental rubbing of Aladdin's lamp*» («Аладдин шамын кездейсоқ үйкеген кезде пайда болған жын сияқты») [3]. Бұл сөйлемде автор метафораны қолдана отырып, басты кейіпкердің романтикалық және арманшыл қабілетін сипаттайды.

- «*Mental and moral cowardice*» («Ақыл-ой және моральдық қорқақтық») [3]. Сөйлемде қолданылған метафора басты кейіпкердің өмірлік жолына байланысты жағымсыз сипаттама ретінде қарастырылады.

Сондай-ақ, автор өзінің туындысында тек метафораны қолданып қана қоймай, эпитетті де жетік түрде пайдаланған. Себебі, эпитеттер тақырып туралы еркін, тірі әрі терең түсінік қалыптастыра отырып, белгілі бір атмосфера мен эмоционалдық деңгейдің құрылуына алып келеді. Осыған орай, орыс лингвисті

И.Р. Гальперин эпитеттің негізгі екі функциясын атап өткен. Оның пікірінше, эпитет – белгілі бір фактілерге қатысты бейнелі түрде бағалау және кейіпкердің бейнелі функциясын құру [2]. Көптеген жазушылар эпитетті зат есімдер, сөз тіркестері және сын есімдері арқылы сипаттаған. Ал, американдық жазушы Т. Драйзер өз шығармасында эпитетті сын есімдерді жиі қолданып және түрлендіріп, сөздің ауыспалы мағынасын қалыптастырған. Мысалы:

- «*soft hat low over his shaggy eyes*» («қалпағы оның жабырқау көздерін көлегейлеп тұрды») [3]. Бұл сөйлемде «*shaggy eyes*», яғни «жабырқау көздер» эпитет қызметін атқарып тұр. Себебі, басты кейіпкердің эмоциональдық күйін сипаттау үшін, оның шаршаңқы, күңгірт көздерін сөзге тиек етті.

- «*November eye*» («Қараша көз») [3]. Бұл аталған сөз тіркесі көбіне адамның көзқарасын қараша айына теңеп, оның мұңды, салқын немесе шаршаңқы екенін көрсетеді. Бұл сөз тіркесі адамның ішкі күйін табиғаттың қарашадағы суық әрі сұрғылт бейнесімен байланыстырып, мұңлы атмосфераны күшейтеді.

Нәтиже. Көркем мәтіндегі ауыспалы мағынаның лексика-семантикалық сипаттамалары, «Американдық трагедия» шығармасында семантикалық тұрғыда маңызды рөл атқарады. Т. Драйзер күрделі идеялар мен эмоционалды күйлерді жеткізу үшін көптеген бейнелеу құралдарын пайдаланып, мәтіннің әдеби шығармасы ғана емес, сонымен қатар адам табиғаты мен қоғамын, эмоционалды жай-күйін терең зерттеуге мүмкіндік берді. Ауыспалы мағына авторға өз ойлары мен сезімдерін білдіруге, ал оқырманға олардың тәжірибесін түсіндіруге және түсінуге мүмкіндік беретін құралға айналды.

Қорытынды. «Американдық трагедия» туындысында Т. Драйзер сөздердің қолданылуымен шебер жұмыс істей отырып, оқиғаларды сипаттап, кейіпкерлердің эмоционалды күйін, олардың ішкі қақтығыстары мен әлеуметтік шындықтарын жеткізуге мүмкіндік берді. Мысалы, күнделікті заттарға арналған қарапайым сөздер шығармада кейіпкерлердің ішкі әлеміне, олардың ұмтылыстары мен көңілсіздіктеріне байланысты жаңа мағыналарға ие бола алады. Осылайша, «Американдық трагедия» туындысында сөздердің тікелей және ауыспалы мағыналарының өзара әрекеттесуі күрделі бейнелер мен оқиғалар, кейіпкерлердің арасында терең әрі бейнелі қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін лексика-семантикалық талдауда маңызды болып табылады. Жалпы, көркем мәтінде тікелей және ауыспалы мағынаны қолдану жазушы мен оқырман арасындағы белсенді қатысуды және терең талдауды қажет ететін бай және күрделі туындылар жасауға мүмкіндік береді. «Американдық трагедия» романындағы сөздер тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар күрделі идеялар мен эмоцияларды жеткізудің күшті құралы бола алатындығын көрсетеді. Тікелей және ауыспалы мағыналардың өзара әрекеттесуі көркем мәтінде белгілі бір атмосфераны қалыптастырудың және кейіпкерлердің ішкі

әлемін ашудың негізгі элементіне айнала отырып, шығарманы жылдар бойы өзекті және мағыналы етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Виноградов В.В. Избранные труды. Лексикология и лексикография. - М., 1977.- С. 162-189
2. Гальперин И.Р. Очерки по стилистике английского языка. Опыт систематизации выразительных средств [Текст] / И.Р. Гальперин - М.: Либроком, 2014 – 382с.
3. Драйзер Теодор. Американская трагедия: [парал. текст на англ. и рус. яз.: учеб. пособие] / Теодор Драйзер; [пер. с англ. З. Вершининой и Н. Галь]. – М.: Эксмо, 2013. – 1047 с.
4. Leech G., Short M. (2007). Style in Fiction: A Linguistic Introduction to English Fictional Prose (2nd ed.). Pearson Education Limited.
5. Smith L.P. // Word and Idioms: Studies in the English Language. London: Constable's Miscellany. 1995
5. Арнольд И.В. Стилистика. Современный английский язык [Текст] / И.В. Арнольд: учеб. для вузов. – 8-е изд. – М.: Флинта: Наука, 2006. – 384с.
6. Бабенко Л.Г. Лингвистический анализ художественного текста: теория и практика [Текст]: учеб. для вузов по специальности «Филология»: практикум / Л.Г. Бабенко, Ю.В. Казарин – 4-е изд, испр. – М.: Флинта: Наука, 2006. – 496с.
7. Лотман Ю.М. *Структура художественного текста*. – Москва: Искусство, 1970. – 384 с.
8. <https://ru.wiktionary.org/wiki/word>
9. https://halva.tj/articles/great_and_mighty/что_такое_прямое_и_переносное_значение_слова_как_определит_контекст_слова_в_русском_языке_/?utm_source=
10. <https://bibliotekanauki.pl/articles/2131238.pdf>

А.Б. КИСТАУБАЕВА

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан
(e-mail: kistaubayeva04@mail.ru)

**ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА: ВЗАИМОСВЯЗЬ СЛОВ В
ПРЯМОМ И ПЕРЕНОСНОМ ЗНАЧЕНИИ В РОМАНЕ Т. ДРАЙЗЕРА
«АМЕРИКАНСКАЯ ТРАГЕДИЯ»**

Аннотация. В данной статье рассматриваются лексико-семантические особенности художественного текста. В частности, анализируется употребление слов в прямом и переносном значении, а также их взаимосвязь в романе «Американская трагедия» выдающегося американского писателя Теодора Драйзера. Авторское использование лексики раскрывает эмоциональное состояние персонажей и углубляет содержание произведения. В исследовании определяется роль слов в их прямом значении для передачи точной информации читателю, а также функция переносных значений в создании образности и экспрессивности. Кроме того, рассматривается значение метафор и лексических единиц с эпитетическим значением в раскрытии смыслового содержания произведения. Анализ семантической структуры художественного текста позволяет выявить особенности художественной системы романа и средства, с помощью которых автор достигает своей творческой цели. Данное исследование затрагивает актуальные вопросы в сфере лингвистики.

Ключевые слова: лингвисты, прямое и переносное значение, метафора, эпитет, лексико-семантические особенности, Т. Драйзер.

A.B. KISTAUBAYEVA

Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan
(e-mail: kistaubayeva04@mail.ru)

**LEXICO-SEMANTIC FEATURES OF LITERARY TEXT: THE
INTERRELATION OF WORDS IN LITERAL AND FIGURATIVE
MEANINGS IN T. DREISER'S NOVEL AN «AMERICAN TRAGEDY»**

Annotation. This article examines the lexical and semantic features of a literary

text, focusing on the direct and figurative meanings of words and their interrelationship in the novel *An American Tragedy* by the renowned American writer Theodore Dreiser. The author uses language to convey the emotional states of the characters, thereby deepening the narrative. The study analyzes how direct language conveys clear information to the reader, while figurative language enhances imagery and expressiveness. The purpose of linguistic analysis is to fully understand a literary work and explore the meanings and techniques of using stylistic devices. Linguistic analysis highlights the unique figurative structure of a literary work.

Keywords: linguistics, literal and figurative meaning, metaphor, epithet, lexicosemantic features, T. Dreiser.

References

1. Vinogradov V.V. (1977). *Selected Works. Lexicology and Lexicography*. Moscow, pp. 162–189.
2. Galperin I.R. (2014). *Essays on the Stylistics of the English Language: An Attempt at Systematization of Expressive Means* [Text]. Moscow: Librokom, 382 p.
3. Dreiser T. (2013). *An American Tragedy: Parallel Text in English and Russian: Textbook* / Theodore Dreiser; [translated from English by Z. Vershinina and N. Gal]. Moscow: Eksmo, 1047 p.
4. Leech G., Short M. (2007). *Style in Fiction: A Linguistic Introduction to English Fictional Prose* (2nd ed.). Pearson Education Limited. Smith L.P. (1995). *Word and Idioms: Studies in the English Language*. London: Constable's Miscellany.
5. Arnold I.V. (2006). *Stylistics. Modern English Language* [Text]: University Textbook (8th ed.). Moscow: Flinta: Nauka, 384 p.
6. Babenko L.G., & Kazarin Yu.V. (2006). *Linguistic Analysis of Literary Text: Theory and Practice* [Text]: University Textbook for Philology Specialization: Practical Guide (4th ed., revised). Moscow: Flinta: Nauka, 496 p.
7. Lotman Yu.M. (1970). *The Structure of the Artistic Text*. Moscow: Iskusstvo, 384 p.
8. <https://ru.wiktionary.org/wiki/word>
9. https://halva.tj/articles/great_and_mighty/chto_takoe_pryamoe_i_perenosnoe_znachenie_slov_kak_operedit_kontekst_slova_v_russkom_yazyke_/?utm_source=
10. <https://bibliotekanauki.pl/articles/2131238.pdf>

Автор туралы мәлімет:

Кистаубаева Амина Болатбекқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистранты. Алматы, Қазақстан.

Кистаубаева Амина Болатбековна – магистрант Казахского Национального университета имени Аль-Фараби. Алматы, Казахстан.

Kistaubayeva Amina Bolatbekovna – 1st year master’s student at the Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, Kazakhstan.

ХҒТАР 14.07.09

Р.Т. КОЖАБЕКОВА

Аймақтық инновациялық университеті,

Шымкент, Қазақстан

(e-mail: Kraixan74@mail.ru)

ПРЕЦЕДЕНТТІК АТАУЛАР – ГАЗЕТ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ӨЗЕГІ

Аңдатпа. Баспасөз – қоғам өмірінің түрлі кезеңдерінде ақпарат таратушы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық сананы қалыптастырушы маңызды институттардың бірі ретінде көрініс тапқан. Жаһанданудың үдемелі үдерісі мен цифрлық коммуникация құралдарының ықпалы аясында журналистиканың өзектілігі, мазмұндылығы, дәлдігі мен жеделдігі жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Осы үрдісте тілдің қоғамдық-мәдени функциясы бұрынғыдан да маңызды сипатқа ие болып отыр. Әсіресе ұлттық тілдің фразеологиялық қабаты халықтың тарихи жады мен дүниетанымын танытатын құнды семиотикалық жүйе ретінде танылады. Газет мәтіндеріндегі тұрақты қолданылатын тақырыптар халықтың күнделікті өмірі, мәдени коды, қоғамдық-саяси тәжірибесі және рухани құндылықтары туралы жанама ақпарат тасымалдаушы қызметін атқарады. Мақалада газет тақырыптары мен олардың дискурстық-функционалдық табиғаты талданып, ұлттық мазмұн мен қазіргі медиакөңістіктегі өзара байланысы қарастырылады.

Түйін сөздер: баспасөз, ақпарат, рухани, тұрақты тіркес, тіл, қоғам, газет, тіл білімі, тақырып, мерзімді баспасөз, саясат, фразеология, оқырман, стиль, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер.

Кіріспе. Баспасөз қай кезеңде де қоғамға қызмет ететін өзіндік орны бар әлеуметтік институт ретінде ерекшеленеді. Ал қазіргідей әлемдік ақпарат жүйесінде ең алдымен баспасөздің жеделдігі, нақтылығы, мазмұндылығы, дәлдігі басты рөл атқарады. Тілдің қоғамдық өмірде алатын орны айрықша.

Халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдени мұрасы және рухани байлығы, экономикасы мен қоғамдық саясатында, көрініс тапқан тұрақты қолданылатын тақырыптарда қандай да бір нақты құбылыстың, жағдайдың бейнесі ашық көрініп тұрады. Тұрақты қолданылатын тақырыптар – газет бетінің айнасы. Тілімізде көкейге қонымды, қат-қабат тіркес, тізбектерді халық орынды пайдаланып отырған. Газет тақырыптарының беретін мағынасының құнды болуы оқырманның назарын бірден өзіне аударатыны даусыз. Тіл білімінде кейінгі жылдары мерзімді баспасөздің тілдік табиғаты мен стильдік ерекшеліктерін зерттеуге көңіл бөліне басталған тұста осы мәселе тұрғысынан И.С. Стам, И.Г. Кошева, А.С. Попова, Н.А. Кожевникова, В.М. Ронгинский, Э.А. Лазарева, В.Абашина, В.В. Бакшинның сонымен қатар қазақ ғалымдарынан газет тілін зерттеген Б.А. Әбілқасымов, С.М. Исаев, Н.В. Қарашева, А.М. Алдашева, Ж.Б. Райымбекова, Б.Қ. Момынованы ал тақырып ерекшелігін зерттеген Г.К. Ихсанғалиева, Ф.З. Жақсыбаеваның еңбектері негіз бола алады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің баспасөз саласы бойынша бағыттары бойынша ізденген зерттеушілердің еңбектері алынды.

Қазақстандық ақпараттық ғылым өкілдері мен ТМД елдерінің зерттеушілері жариялаған ғылыми жұмыстар БАҚ пен идеология арасындағы өзара байланысты айқындауға мүмкіндік береді. Ғалымдардың зерттеулерінде бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық-саяси өмірдегі, мемлекеттік идеология жүйесіндегі орны жүйелі түрде қарастырылады. Мысалы, саясаттанушы К.С. Аджиев кітабында: «БАҚ – шығармашылық пен саясаттың синтезі болып қана қоймайды, ол «төртінші биліктің қосалқы элементі» деген пікірі арқылы қоғамдық институттардың бастамашыл шешімдерін таратудағы мән-маңызына оқырманның зейінін аударады. Бұқаралық ақпарат құралдарын басқару аппаратындағы қосалқы элемент деңгейіне жеткізу арқылы мемлекеттегі әлеуметтік проблемалар жарасын жеңілдетіп, оның шешімін табуға журналистика саласын ықпал ету қажет екендігін дәйектейді. БАҚ-тың ақпарат тарату ауқымы артып, даму мүмкіндігі жоғарылады, іс жүзінде мемлекеттік аппарат пен биліктің саясатына ықпал ететін негізгі күшке көше бастады. Қазіргі уақытта ақпараттық технология мүмкіндіктерінің барған сайын тынысы ашылып, журналистер қауымы неғұрлым жедеғабыл ақпарат тарату мүмкіндіктеріне ие болуда. Бұқаралық ақпарат құралдары барлық уақытта елдестіру, мемлекет арасындағы қатынастарды нығайту, халықтар арасында тығыз дипломатиялық қарым-қатынас, әбжіл байланыс орнату, мәдени ынтымақтастық және экономикалық-саяси аумақты кеңейтуде, жалпы адаматтық бағалы құндылықтарды тарату мен насихаттауда, сәйкесінше әлеуметтік

топтардан бастап, қос мемлекет арасына көлеңке түсіруде орасан зор рөлге ие болғаны белгілі.

Жалпы, ақпарат таратудың кеніші – бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты «саяси қызметтің қаруы», «төртінші билік тұтқасы», «қоғам өмірінің айнасы» деген атаулардың берілуі оның қоғамдық игіліктер мен қоғамдық институттар арасындағы байланысын, ерекшеліктерін, өзіндік аспектілерін қарастыруды талап етеді. Егер БАҚ-тың соңғы он жыл ішіндегі ақпарат тарату бедеріне, шығармашылық-насихаттық табиғатына, идеологиялық атқарған қызметіне, күнделікті жаңалықтардың тақырыптары мен мазмұнына зер сала қарасақ, жоғарыда айтылған пікірлердің ғылыми негізі бар екенін қапысыз барлаймыз.

Қазіргі әлемде ақпаратты берудің сан алуан тәсілдері бар және осындай тәсілдердің бірі – баспасөз. Ол қоғам өмірінде жетекші орын алады, бұл адамға тек ел ішінде ғана емес, бүкіл әлемде болып жатқан оқиғалар туралы қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Кез келген басылымның негізгі міндеттерінің бірі – жұртшылықтың назарын аудару. Әр газеттің ажырамас бөлігі, әрине, тақырып болып табылады, оның мақсаты мақаладағы ақпаратты бірнеше сөзбен жеткізу болып табылады. Бұл – оқырман оқуды бастамас бұрын бірінші кезекте назар аударатын нәрсе. Тақырып кез келген басылымда жетекші орынға ие бола отырып, тақырыпты және мүмкіндігінше сол немесе басқа басылымның негізгі идеясын жеткізуі керек. Оқырман ұсынылған ақпаратқа қызығушылық таныта ма, жоқ па, оның сипаты мен безендірілуіне байланысты. Тақырыптың мазмұны жұртшылықты қызықтыруы және олардың назарын аударуы керек, сондықтан ол әдетте оқырманды қызықтыра алатын бірнеше негізгі элементтерді қамтиды, мысалы, оның ерекшелігі немесе эмоционалдылығы.

Тұрақты қолданылатын тақырыптардың беретін мағынасының терең әрі мазмұнды болуы заманның ғасырдан-ғасырға қарқындап дамыған тіл орамдылығынан және ұлттық бейнелік ерекшеліктерінен байқалады. ТҚ тақырыптары – дайын тілдік бірлік, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін беретін», оқырманын бірден өзіне баурайтын ерекше тілдік құбылыс. Тұрақты тіркестер лингвистикалық зерттеудің негізгі көзі бола алады. Тілдің сөздік қорын байытып отырған номинативтік бірліктер болғандықтан, оларға лингвистикалық тұрғыдан талдау жасаудың маңызы айрықша.

Талқылау мен бақылау. Академик Ә.Т. Қайдар «Қазақтың тілі ғасырлар бойы қазақ деп аталатын қауымның әр алуан өмір-тіршілігіне сай қажетін өтеп, іштей дамып, өз арнасында толығып, небір сұңғыла көсемдер мен жезтаңдай шешендердің өнерімен ширап, шыныққан, әрі бай, әрі бейнелі де көркем, марқа тілдердің санатында болғандығы баршаға аян», - деді [1,8].

Баспасөздегі ақпараттық тақырыптар бірінші типті оқырманға қоғамда болып жатқан бүгінгі оқиғаларды түсіндіріп, қауіпті жағдайларға ұшырамай, сәт-

сіздіктерден шығудың жолын табуға көмектесе аларлықтай болуы тиіс. Оқырман баспасөздегі неғұрлым елеулі мәселелерге көңіл бұрады. Газет оқырманы – мінезі әр қилы, мамандығы әртүрлі, әлеуметтік жағдайы да бөлек адамдар аудиториясы. Ал газет болса ақпарат құралы ретінде, осы аудиторияға мейлінше аз сөзбен, түсінікті етіп, сан қилы ақпаратты жеткізуі қажет. Аз сөзбен жеткізуге тырысатын газет тілінің өзіндік ерекшелігі де осыған негізделеді. Бұдан біз қамтылған ойдың жүздеген, мыңдаған есе қысқартылғанын - сөз, сөз тіркесі, не сөйлем күйіндегі көрінісінен аңғарамыз. Ғылыми немесе көркем әдебиет мәтіндерімен салыстырғанда, газет мәтінінің оқуға жеңіл екені белгілі. Жалпы оқырман назарын газет бетіндегі қызғылықты мақалалардың табиғатын зерделеудегі қасиеті осы. Газет бетіндегі мақаланың берілу формасының құндылығы - оның графикалық безендірілуі, мәтін композициясының дұрыстығы, тақырыптардың сәтті шығуы, негізгі ойды айқын шрифтімен әрлеуі сияқты түрлі тәсілдері де ықпал етіп, газет өнімінің сұранысын жылдамдатады.

Ал бұл мәселелерді зерттеу бүгінгі күні тіл білімінде өзекті міндеттердің бірі болып отыр. Бұл жолдағы ізденушілердің де күн санап осындай келелі мәселелерге бастау алуына осы себеп болуы ықтимал. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің, халыққа кеңінен танымал көркем шығармалар атауларының өзгермей-ақ мақала атауына айналуы, не түрлі күрделі трансформацияға ұшырауы – журналистің өз ойын оқырманға тез, жылдам, мейлінше ықшам, түсінікті түрде жеткізуге тырысу бағытындағы тапқан тәсілі ретінде бүгінде сан қилы ғалымдар үшін зерттеуге тұрарлық нысанға айналып отыр. Тұрақты тіркестердің мерзімді баспасөздегі берілу формаларын қарастыру барысында осы мәселе көтеріледі.

Мерзімді баспасөз барлық уақытта жұртшылыққа бағыт-бағдар беруге, тәлім-тәрбиеге қатысты өзекті жайттарды қозғауға негізгі құрал болып табылады. Баспасөздің орнын айқын, анық көрсеткісі келген сөз зергері, әрі қоғам қайраткері, жазушы А. Байтұрсынұлы: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі», – деген мағыналы сөз айтқан. Біз зерттеу еңбегімізде тақырыптардың өзіндік табиғатын ескере отырып, оның дербес тілдік бірлік ретіндегі ерекшеліктерін талдаймыз. Талданбақ тақырыптардың мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерге, сондай-ақ афоризмдік құрылымдарға айналу үдерісінің құрылымдық ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Сондықтан да фразеологизмдерде өткен тарихтан бастау алған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер мен аңыз-әңгімелерді, мифтерді молынан көруге болады. Зерттеу еңбегімізде кездескен тақырыптардың дені – тұрақты қолданылатын тіркестермен берілген тақырыптар. Тақырып – ұлттық мәдени ақпараттың қайнар көзі. Тақырып — мәтін мен идея арасындағы көпір. Тақырып – белгілі пәнге немесе белгілі затқа негізгі көрсеткіш белгі ретінде қосылатын әрі осы пәнді анықтай-

тын сөз және сөз тіркесі ретінде қарастырылады. Кез келген құрамдағы болмысына қарай мақала атауларының барлық түрі сөйлемдер болып табылады. Тақырып – мәтіннің ең күшті, басты позициясы.

Қоғамдық толқулар мен өзгерістер және оның халықтың рухани өміріне тигізер ықпалынан дерек беретін мол қамбадағы тұрақты сөз тіркестері де сол халық тілінде өзіндік бітім ерекшелігімен дараланады. Халықтың өткен өмірін, тіршілігін сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестерінің ұлт тілінде сақталуы оның, яғни ұлттың мәдени өмірінен тұтастай хабардар етеді. Бұл әсіресе тұрақты қолданылатын тіркестерде жақсы байқалады. Қоғамның күннен-күнге қарқындап дамыған тұсында, ғылым мен техниканың шыңына жетіп тұрған шағында, компьютер байланысы әлемнің түкпір-түкпірімен көзді ашып-жұмғанша хабардар етеді. Әлемде болып жатқан ұлы өзгерістердің барлығы ғылым тілінен көрініс тауып жатқанда, ұлттық салт-дәстүрімізді, асыл сөз, маржан байлықтарымызды енді қайтып өшпейтіндей етіп, таңбалап қоюымыз шарт. Осындай көркем, пәрменді, бояуы қанық алуан түрлі тұрақты тіркестерді халық орынды пайдаланып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. «Бұрынғы газетизмдер, клишелер мен терминдік лексиканың басым бөлігі бүгінде баспасөз тілінде қолданылмайды деуге болады. Олардың орнына қазіргі газет жанрларында экспрессивті-эмотивті лексика, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, қанатты сөздер, сондай-ақ ауызекі сөйлеу тіліне тән тілдік тұлғалар мен қарапайым лексика үлгілері көбірек жұмсалатынын», – зерттеуші А. Алдашева айтып кеткен [2, 366].

Ал газет тақырыбы мәселесіне арналған ғылыми зерттеулер, еңбектер орыс тілінде ұшан-теңіз. Тұрақты қолданылатын тақырыптар лингвистикалық зерттеудің негізгі көзі болғандықтан, атадан балаға мирас болып келе жатқан мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, тұрақты сөз тіркестері, идиомдар, афоризмдер, жыр жолдары, көркем шығарма аттарының мақала тақырыбына арқау болғандығы зерттеу объектіміздің нысаны. Тұрақты қолданылатын тақырыптар өз мағынасында қолданыла келе, өзін көмкеріп тұрған әр қилы субъективтік, ситуативтік, контекстік қолданылуда мағына-мазмұны жағынан уақыт өткен сайын айқындалып, жетіліп айшықтала түседі. Тақырыпқа қарап оқырман мақаланы ынтыға оқып, немесе шетке ысырып қоюы әбден мүмкін. Психологтардың зерттеуінше, ең бастысы оқырман қауымының 80% газеттегі мақала тақырыбына көңіл аударады екен. Тақырып төңірегіндегі осы тұжырымды зерттеген Б.Қ. Момынова: «Мәтіндегі айтылатын ойдың жиынтығы тақырып арқылы көрінеді. Ондағы айтылатын ойдан хабар беруі тақырыптың номинативтік функциясы болып табылады. Сонымен бірге мәтіндегі айтылатын ой мен жеткізілетін хабарға баға беруі нәтижесінде мәтінді қабылдау (восприятие) функциясы іске асады» [3, 56].

Тақырып – әрқашан мәтіннен туа бермейді. Көбінесе тақырыптың өзі

мәтінді тудырушы категория болып табылады. Тақырып дегеніміз – газет материалының аты ғана емес, оның қысқаша мазмұны да. Тақырып пен мақаланың мазмұны егіздің сыңарындай бір-бірін толықтырады. Сондықтан тақырып оқырманға қандай мәселенің сөз болатынын бірден аңғартуы керек. Олай болатын болса, газет бетін ең алғаш ашқанда оқырманын «мен мұнда лап» шақыратын, көңілін аударатын мірдің оғындай өткір, нысанаға дөп тиетін сәтті табылған тақырып болуы тиіс. Мақала тақырыбына арқау, негіз болатын ұғым – сөз. Сөйлем құрамына енетін сөздер ретсіз, қалай болса солай тіркесе салмайды. Тіркесетін сөздердің байланысы әрі мағыналық, әрі синтаксистік білікте болуға тиіс [4, 29].

Тіл иесі – халықтың басынан өткен, өмір шындығына сай туған, сан-саналы тақырыптарды мақалаға арқау етеді. Мақала тақырыбы – шығармада сөз болатын басты элемент, шығарма мазмұнының негізгі арқауы, айтылатын факторлардың бағыт-бағдаршамы.

Әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Тақырып пен идея бір-біріне жалғас ұғымдар. Олар бір-бірімен кірігіп, біріне-бірі реңк беріп, қабысып жататынын», – айтады [5, 193].

Тақырып – жарияланатын мақаланың мәтіннен айыруға келмейтін бөлшегі. Ең алдымен, оқырманның көз жүгіртіп, бағамдап қарайтыны – мақала тақырыбы. Оқырман газет бетіндегі тақырыптарға көз жүгіртіп, мақаланың мағыналарына баса назар аударады. Тақырып – газет мақалаларының бірінші кілті. Мерзімді баспасөз тақырыптары қанша жетілген болса да, әлі дамуда. Қалыптасу процесі толастамайды, үнемі жаңаруда, толығуда болады. Тақырыпқа қарап оқырман мақаланы ынтыға оқып, немесе шетке ысырып қоюы әбден ықтимал. Тақырып – әдеби шығармада мазмұнының негізгі арқауы. Шығарманың тақырыбын, яғни не жайында айтылатынын, нендей мәселелерді қозғайтынын анықтау сырттай қарағанда оңай сияқты көрінуі мүмкін. Автордың ойниеті тұрғысынан алғанда, тақырып алдымен болашақ туындыға арқау болатын мәселелерді қамтиды [6, 315].

Тіл – мәдениеттің феномені, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде ғылымда өз дәрежесінде зерттелмей келеді. «Тіл – рухани күш десек, тіл және басқа семиотикалық таңбалар (ым тілі, кино тілі, сурет тілі) арқылы адам кез келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасы мен ойын білдіре алады. Қоғамдық сананың бір бөлігі болып табылатын мәдениет – тіл және мәдениеттің шындығы мен көрінісі. Халықтық мәдениеттің ең нәзік ұшқындары, өрнектері тілде көрініс береді деген тұжырымдар тұрақты тіркесті тақырыптарға да тән».

Тақырып – мақаланың мәтінде болатын және тұтас шығарманың басқа құрамдас бөліктерімен байланысты толық заңды құрамы. Мақала мәтіннің прагматикалық мүмкіндігін арттыра түсетін микрокомпоненттердің бірі – мәтін-

нің тақырыбы (айдары, аты). Мәтіннің айдары тек ерекше синтаксистік көзқарасты ғана қамтымайды. Ол бірнеше қызмет атқаратын мәтіннің бір элементі.

«Мәтін айдары қызметінің негізгісі, белгісі – хабар берушілік, қызықтырушылық, хабарлаушылық және мәтінді ұйымдастырушылық болып табылады» [7, 562].

Ақпарат жаңалықтары оқырманға ауадай қажет. Басталуымен, ортаңғы, соңғы құрылымымен қатар мәтін құрылысының белгілі бір жоспары кеңістік атқаратын қызметтік жоспары кеңістіктегі мәтіннің көркемдік құрылысы болып табылады.

Тақырыптың осы екіұдай табиғаты оның көптеген стильдік ерекшеліктерін анықтайды. Тақырып мәтінмен «тақырып – мәтін» біртұтас жүйесін құрайды. Осы арақатынастың әр алуан жәйттарын: тақырып және мәтін мазмұны, тақырып пен мәтін көркемдік құрылысының (басталуы, аяқталуы), тақырып пен мәтіннің тілдік құрылымы жәйттарын қарастырудың маңызы зор.

Тақырып та, мәтін де бір-біріне жалғас ұғымдар. Көркем шығарманың ғажайыптылығын (феноменін) зерттеуді әртүрлі сатыға және жүйе қатынастарына бөлу мәселелеріне, құрылымдық тәсілдердің өзіндік мәтінінен туындауы болып табылады [8, 193]. **Мақаланың негізгі желісі – идея.** Мақала тақырыбының маңыздылығы, мақсаты және желісі берілетін қорытындысының ауқымдылығымен ерекшелене түседі. Баспасөздің күнделікті ісінде мақаланың атқаратын рөлі ерекше және бұл жанр оқырман алдында күрделі міндеттер қояды.

Мақала тақырыбының қоғамдық маңызы болуға тиіс. Тақырыпқа барар жолда, ойлану, толғану үстінде журналист бұл талапты үнемі ескеріп отыруға тиіс. Мәтін құрамындағы бірліктер (сөйлемдер) тізбектеле немесе параллель түрде байланысады.

Мәтін – тіл бірліктерінің барлық басқа түрлерінен өзгеше келетін, өзіндік ерекшелігі мол бірлік ретінде танылады. «Мәтін – өзінің құрылымының ғана емес, мазмұнының көпқабаттылығымен де күрделі бірлік» [9,193].

Еліміз егемендікке қол жеткізгелі бері рухани өмірдегі жаңалықтарды жаңалап, өткенімізді таразылауға кең жол ашылды. Бүгінгі күндегі ақпараттар ағынының толассыз дамуы, ұлттық мұрат-мүдделерімізді саралауға, таразылауға жүйелі түрде зерттеуді алдыңғы шепке шығарды. Тіл құдіретін, оның табиғатын түсіне, сезіне білген адам – рухани дүниесі бай, мәдениеті жоғары адам болмақ. Сондықтан тіл қыры мен сөз сырын аша білу – адамзат болмысын тану. Тіл – мәдениет қабаттарындағы (діннен, ғылымнан әдебиеттен) тылсым құбылыс, ерекше құралы, рухани көрінісі, ұлттық менталитеттің сан қырлы қасиеттерінің көрінетін тұсы. Ана сүтімен бірге енетін, ана тілінің қадір-қасиетін түсінген адам ғана көкірегі ояу, рухани бай азамат болары хақ [10,87].

Г.Н. Смағұлованың пікірінше: «мәдениет» сөзіне екі жүзден астам ғылыми

анықтама берілген. Рухани мәдениет – адамдардың өмір сүру, тіршілік ету барысында сол ұлттың тұрмыс-салты, дәстүрімен бірге танылатын таным, білімі, заңы, этикасы, ғылымы, діні, мифологиясы, рухани дүниелері – өнері, өлеңдері, мақал-мәтелдері, фразеологизмдері, нақыл сөздері т.б.

Нәтижелер. «Ұлттық идея – бұл өзінің супермеморальды өмірінде ұлттық сананы жүйеленген жалпылау, көбінесе әлеуметтік-философиялық немесе саяси мәтіндер, өнер туындылары түрінде ұсынылған. Тиісінше, ұлттық идеяда білдірудің екі әдісі де болуы мүмкін: рационализацияланған әдіс және бейнелі-типтік. Ұлттық идеяның мәні берілген этностардың өмірін түсіну проблемасын туғызады» – деп тұжырымдайды талантты ғалым. Мемлекеттік (партиялық) саясат пен ұлттық идеяны таныту, жариялау, насихаттау қазақ газет-журналдарында әлдеқашан жүзеге асты, қазақ баспасөзінде толыққанды түсіндіріп, ұлттық идеяны өз қаламына арқау еткен шығармашылық адамдары: жазушылар мен ұлт қайраткерлері болды.

Прецедентті атаулар туралы еңбек жазған Ю.Н.Караулов олардың табиғатына тоқтала келе, «прецеденттік атау дегеніміз – кез келген орташа оқырманға белгілі, ұлттық мәдени қоғамдастықтың құрамына кіретін феномен», - дей отырып, «Прецедентными феноменами мы называем феномены:

- значимые для той или иной личности в познавательном и эмоциональном отношении;

- имеющие сверхличностный характер т.е. хорошо известные широкому окружению данной личности, включая ее предшественников и современников, и, наконец, такие;

- обращение к которым возобновляется неоднократно в дискурсе данной языковой личности», - деді [11,116].

Дети вместе с учителем составляют памятку «Характеристика существительного». Применение помещенных выше знаков позволяет ученику самостоятельно искать ответ на свой вопрос, используя учебник, или обратиться за помощью к классу (работа в группах); кроме того, данный вопрос может стать целью урока [5, С.88].

Эвристический метод позволяет рационально использовать прием «творческая мастерская», который применялся на обобщающих уроках литературы. К уроку учащиеся готовили рисунки, иллюстрации на заданную тему, писали сочинения, стихи, рассказы, подбирали пословицы. Было дано задание разделиться на группы, создать и презентовать групповой проект на предложенную учителем тему. Предварительно необходимо составить план размещения принесенного на урок материала, оформления титульного листа. На работу отводится 20-25 минут. По истечении этого времени каждая группа или ее представитель должны презентовать свой проект. Научиться дружно работать в группах, прислушиваться к мнению товарищей, коллективно создавать замечательные работы (картины, газеты, книги) из собранных вместе материалов – главная цель такого урока [2, с.89].

Также на этом этапе хорошо использовать прием «синквейн», он не будет выглядеть простым при условии, если учитель сумеет позаботиться о его содержательном наполнении словами, отобранными для лексического разбора.

На завершающем этапе урока используются приемы: «ромашка», «мудрый совет», «итоговый круг». Опишем общие подходы к их организации.

«Ромашка-1»: дети отрывают лепестки ромашки, по кругу передают разноцветные листы и т.д. и отвечают на главные вопросы, относящиеся к теме урока, записанные на обратной стороне. «Ромашка-2»: ученик берет чистый лепесток, пишет вопрос, адресованный другой группе, вывешивает вопрос, перевернув. С доски берет лист другая группа, читает и выполняет задание.

«Итоговый круг»: для выполнения задания на основе этого приема учитель дает минуту. Подготовленные представители группы встают в круг, задают вопросы участникам других групп, те, в свою очередь, отвечают (работают по кругу) [6, С.52].

Наблюдения показали, что отобранный круг приемов помогает эффективно, грамотно и интересно подвести итоги урока. Для учителя этот этап очень важен, поскольку позволяет выяснить, что ребята усвоили хорошо, а на что необходимо обратить внимание на следующем уроке. Кроме того, обратная связь от

учеников позволяет учителю скорректировать урок на будущее [12, с.93].

На этапе рефлексии эффективным является прием «комплимент», связанный с оценкой активности каждого ученика и качества его работы. Учащимся предстоит оценить вклад друг друга в урок и выразить благодарность участникам (комплимент-похвала, комплимент деловым качествам, комплимент в чувствах) и учителю за проведенный урок. Такой вариант окончания урока дает возможность удовлетворения потребности в признании личностной значимости каждого.

Сомнительным и спорным на первый взгляд представляется прием «ресторан». Учащимся предлагается представить, что они были в ресторане, а материал, предложенный на уроке – это блюда. Пожалуй, такой прием, не сразу и не все учителя включают в уроки, и только при организации опытного обучения пришло убеждение в его эффективности в ходе изучения материала по теме: «Буквы о-ё после шипящих в корне», когда прозвучали высказывания учащихся такого типа:

- Сегодня на уроке все было очень вкусным...
- Я на уроке очень наелся, но некоторые блюда нужно подсолить...
- Все было приготовлено с душой, но не хватило кетчупа...
- А я не наелся, у меня не было настроения принимать вашу пищу...

Использование активных методов позволяет убедиться в том, что в каждом из них есть свои плюсы и минусы.

Активные методы обучения помогают «плюсы»:

- + развивать мотивацию к обучению и наилучшие стороны ученика,
- + учат самостоятельно добывать знания,
- + развивают интерес к предмету,
- + позволяют совершенствовать коммуникативные навыки, учебно-информационные и учебно-организационные умения [10, 89].

К «минусам» следует отнести эмоциональный фон урока, когда учащиеся, в силу своих особенностей, не могут совладать со своими эмоциями, поэтому на уроках создаётся вполне допустимый рабочий шум при обсуждении проблем; методы лучше вводить постепенно, воспитывая у учащихся культуру дискуссии и сотрудничества; применять данные методики не обязательно все на каждом и на одном уроке [13, С.24].

В 5-7 классах на уроках литературы можно использовать метод «Недавно я прочитал...». Цель данного метода – побуждение к чтению, каждый ученик делится своим «книжным» открытием, впечатлением от прочитанного, советует прочитать то или иное произведение.

Активизировать мыслительную деятельность учащихся на любом уроке поможет приём «в гостях у Мнемозины». Прием представляет собой последователь-

ную работу, направленную на развитие памяти. В данном приеме выделяются следующие этапы: визуализация, ритмическое скандирование и коллективное проговаривание новых терминов, понятий [14, С.21].

В технологии формирующего оценивания представлен прием «Верные – неверные утверждения» или «Согласен – не согласен». Можно проводить на каждом уроке, он занимает мало времени, высокопродуктивен, обучающимся интересно работать [4, С.21].

Результаты. К активным методам обучения относятся проблемные ситуации, творческие и деловые игры, инсценировка, дискуссии, дебаты, метод проектов, методы успеха и т.д.

Использование активных методов обучения на уроках русского языка и литературы позволяет:

- стимулировать рост самостоятельности и ответственности учащихся за результаты обучения;
- согласовывать цели обучения с индивидуальными потребностями учащихся;
- обеспечить приобретение студентами жизненно важных навыков и качеств;
- воспитывать уважительное отношение друг к другу.

По мнению Е.В. Зарукиной, эффективность учебного занятия во многом определяется соответствием метода и средств обучения поставленным целям и задачам. На любом этапе образовательного процесса возможно использование нескольких видов активных методов обучения. В этом случае методы можно не только комбинировать, но и неразрывно связывать друг с другом [1, С. 20].

Анализ контрольных диктантов, проверочных работ по русскому языку в 5 – 7 классах показывает, что учащиеся допускают наибольшее количество ошибок в орфограмме «правописание безударных гласных в корне слова». При работе над ошибками ученики легко подбирают проверочные слова. Такие ошибки возникают из-за недостаточной орфографической зоркости [15, С. 89].

Закрепить навык проверки безударных гласных в корне слова поможет метод «Орфографический футбол». Учитель называет слова с безударными гласными в корне слова, а ученик должен выбрать проверочные слова. Если слово не подобрано или подобрано неправильно, ученику засчитывается «гол».

Учащиеся 5–7 классов с удовольствием играют в «Орфографический футбол». Также данный приём можно использовать при изучении других орфограмм, например: «употребление мягкого знака на конце существительных после шипящих».

На уроках подготовки к контрольным диктантам или повторительно-обобщающих уроках можно использовать приём «Лови ошибку». Учитель намеренно допускает ошибки, а учащиеся их находят, исправляют, обосновывая

свой выбор. На доске написано, например: «Мы долго брадили по лесу. День кончался, и приближались сумерки. Долекое солнце уходило за горизонт и бросало на землю свои последние лучи» [15.С. 93].

Заключение. Приведённые в данной статье активные методы – это лишь малая часть. Применение активных методов обучения приводит к качественному овладению знаниями. На уроках учитель должен создавать условия для развития потенциала ребёнка, реализации его природных способностей. Включение активных методов обучения в образовательный процесс позволяет создать такую среду как на уроке, так и во внеурочной деятельности.

Особенности активных методов обучения состоят в том, что в их основе заложено побуждение к практической и мыслительной деятельности, без которой нет движения вперёд в овладении знаниями.

Активные методы обучения помогают развивать мотивацию к обучению, умение самостоятельно добывать знания, повышают интерес к предмету, позволяют активизировать процесс развития коммуникативных навыков [9, С. 35].

Таким образом, использование активных методов обучения позволяет обеспечить эффективную организацию учебного процесса, однако, как и в любой методике, имеются свои особенности. А применять её или нет -это уже дело учителя и его творчества.

Задача учителя – создание условий, в которых учащийся сам будет открывать и приобретать знания, то есть ученик, ранее находившийся в полном подчинении учителя, становится активным участником образовательного процесса. В педагогике существуют специальные методы обучения – способы совместной деятельности педагога и учащихся, направленные на достижение ими образовательных целей. Сущность методов обучения рассматривается как целостная система способов, в комплексе обеспечивающих организацию учебно-познавательной деятельности учащихся [11, С. 72].

Таким образом, данная работа является актуальной, потому что использование на уроках русского языка и литературы активных методов обучения способствует повышению качества знаний, увеличивает интерес к изучаемому предмету, развивает творческий потенциал учащихся.

Список использованной литературы

1. Зарукина Е.В. Активные методы обучения: рекомендации по разработке и применению: учебно-методическое пособие/ Е.В. Зарукина, Н.А. Логинова, М.М. Новик. СПб.: СПбГИЭУ, 2010.

2. Коджаспирова Г.М. Педагогический словарь / Г.М. Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров. – М.: Академия, 2000.

3. Рабочая программа внеурочной деятельности по литературе и историческому краеведению. 5 – 8 классы / Сост. Т.Н. Трунцева. – М.: ВАКО, 2014.
4. Звездина А.Я. Интерактивные методы как способ повышения мотивации в обучении русскому языку и литературе. – Мастер – класс, № 10, 2006.
5. Коротаева Е.В. О ситуации успеха в учебной деятельности. – Русский язык в школе и дома, 2003, № 1.
6. Лизинский В.М. Приемы и формы в учебной деятельности. – Москва, «Педагогический поиск», 2002.
7. Гузеев В.В. Методы и организационные формы обучения. М.: «Народное образование», 2001.
8. Ахметов Н.К., Хайдарова Ж.С. Игра как процесс обучения. А-А, 1988.
9. Балаев А.А. Активные методы обучения. М., 1989.
10. Борисова Н.В., Соловьева А.А. Игра в обучении лекторов. М.: «Знание», 1989.
11. Брушлинский А.В. Психология мышления и проблемное обучение. М., 1985.
12. Вербицкий А.А. Активное обучение в средней школе: контекстный подход. М.: «Высшая школа», 1996.
13. Кудрявцев В.Т. Проблемное обучение. М., 1995.
14. Сатыбалдина К., Тарасенко Р. Проблемное обучение как основа формирования творческого мышления школьников. А.-А., 1993.
15. Смолкин А.М. Методы активного обучения. М., 1995.

Н.Т. АЛПЫСБАЕВА¹

М.А. БАЙБОСЫНОВА²

^{1,2} Аймақтық инновациялық университет,
Шымкент, Қазақстан

ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде мектептердің оқытуға көшуі жағдайында пән мұғалімдерінің алдына білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім мен іскерлікті қалыптастыру міндеттері қойылады, ол оқушылардың білімін игеруге және жаңа жағдайда практикалық іскерлікке ие болуға мүмкіндік береді. Педагогтің алдына оқушылардың зияткерлік сауаттылығын арттыруға, олардың оқу тапсырмаларын орындаудағы жауапкершілігін арттыруға ықпал ететін белсенді және интерактивті технологиялар негізінде оқытуды ұйымдастыру, ұжымда ауызша және жазбаша қарым-қаты-

нас дағдыларын меңгеру арқылы этикалық байланыстар жасауға дайын аналитикалық қабілеттерін, мақсатты ойлау және жоспарлау дағдыларын дамыту міндеті қойылады. Мақалада сипатталған әдістерді іріктеу кезінде авторлар оқу материалын меңгеру процесінде белсенді ойлау және практикалық қызметті ұйымдастыру үшін оларды қолдану мүмкіндігін бағалай отырып, олардың функционалдық маңыздылығына сүйенді.

Мақалада танымдық қызметтің әртүрлі нысандарындағы орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында пайдаланылуы мүмкін әдістемелік құралдарды іріктеу тәсілдерін айқындайтын теориялық және практикалық мәліметтер бар. Мақалада сипатталған белсенді оқыту әдістері орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында сынақтан өтті, оларды қолдану нәтижелері талданып, лингвистикалық цикл пәндерін мектепте оқыту практикасында лингвистикалық пәндерді оқыту бойынша жұмыс тәжірибесі бар авторлармен ұсынылды.

Түйін сөздер: оқытудың белсенді әдістері, шығармашылық ойлау, тұлғаға бағдарланған тәсіл, ойлау қызметі, жұмыс көзқарасы, байланыс орнату.

N.T. ALPYSBAYEVA¹

M.A. BAYBOSYNOVA²

^{1,2}Regional Innovation University,
Shymkent, Kazakhstan

ACTIVE LEARNING METHODS AND TECHNIQUES RUSSIAN LANGUAGE AND LITERATURE.

Annotation. In the context of the transition of schools to training as part of the renewal of the content of secondary education in the Republic of Kazakhstan, the subject teacher is tasked with the formation of knowledge and skills in accordance with the requirements of educational standards focused on the formation of universal cognitive actions among students that allow them to master knowledge and acquire practical skills in a new environment at a high level quality. The teacher is tasked with organizing training on the basis of active and interactive technologies that contribute to increasing the intellectual literacy of students, their responsibility in performing educational tasks, developing analytical abilities, goal-setting and planning skills, ready to build ethical contacts in a team by mastering oral and written communication skills. When selecting the methods described in the article, the authors proceeded from their functional significance, assessing the possibilities of their application for organizing active thought and practical activities in the process of mastering the educational material.

The article contains theoretical and practical information that determines approaches to the selection of methodological tools that can be used in the lessons of the Russian language and literature in various forms of cognitive activity. The methods of active training described in the article were tested in the lessons of the Russian language and literature, the results of their application were analyzed and presented by authors who have experience in teaching linguistic disciplines in the practice of school study of subjects of the linguistic cycle.

Keywords: active teaching methods, creative thinking, personality-oriented approach, thinking activity, working attitude, establishing contact.

References

1. Zarukina E.V. Active teaching methods: recommendations for development and application: educational manual/E.B. Zarukina, N.A. Loginova, M.M. Novik. St. Petersburg: SPbGIEU, 2010.
2. Kojaspirova G.M. Pedagogical Dictionary/G.M. Kojaspirova, A.Yu. Kojaspirov. - M.: Academy, 2000.
3. Working program of extracurricular activities in literature and historical local history. Grades 5-8/Comp. T.N. Truntseva. - M.: VAKO, 2014.
4. Zvezdina A.Ya. Interactive methods as a way to increase motivation in teaching the Russian language and literature. - Master class, No. 10, 2006.
5. Korotaeva E.V. On the situation of success in educational activities. - Russian at school and at home, 2003, No. 1.
6. Lizinsky V.M. Techniques and forms in educational activities. - Moscow, «Pedagogical Search,» 2002.
7. Guzeev V.V. Methods and organizational forms of training. M.: «Public Education,» 2001.
8. Akhmetov N.K., Khaidarova J.S. Game as a learning process. A-A, 1988.
9. Balaev A.A. Active teaching methods. M., 1989.
10. Borisova N.V., Solovyova A.A. The game in teaching lecturers. M.: «Knowledge,» 1989.
11. Brushlinsky A.V. Psychology of thinking and problem learning. M., 1985.
12. Verbitsky A.A. Active learning in high school: a contextual approach. M.: «Higher School,» 1996.
13. Kudryavtsev V.T. Problem learning. M., 1995.
14. Satybaldina K., Tarasenko R. Problem learning as the basis for the formation of creative thinking of schoolchildren. A.-A., 1993.
15. Smolkin A.M. Methods of active learning. M., 1995.

Авторлар туралы мәлімет:

Алпысбаева Нұржамал Тастанқызы – Аймақтық инновациялық университетінің аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан.

Байбосынова Мұхаббат Абдурахымқызы – Аймақтық инновациялық университетінің аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Алпысбаева Нуржамал Тастановна – старший преподаватель Регионального инновационного университета, Шымкент, Казахстан.

Байбосынова Мухаббат Абдурахимовна – старший преподаватель Регионального инновационного университета, Шымкент, Казахстан.

Author Information:

Alpysbaeva Nurzhamal Tastanova – senior lecturer at the Regional Innovation University, Shymkent, Kazakhstan

Baybosynova Mukhabbat Abdurakhimovna – senior lecturer at the Regional Innovation University, Shymkent, Kazakhstan.

XҒТАР 16.31.51

А.Р. ОРЫНБАЕВА 

Облыстық тілдерді оқыту орталығының ғылыми-әдістемелік бөлімі,
Қызылорда, Қазақстан
(Orynbaevaa.97@mail.ru)

**I. ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫН НАСИХАТТАУДАҒЫ
ЖАҢАШЫЛ ӘДІСТЕМЕ**

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Лияс Есенберлиннің тарихи-эпикалық шығармаларын оқу үдерісінде тиімді насихаттаудың жаңашыл әдістемелері қарастырылады. Автор жазушы шығармаларындағы ұлттық рух, тарихи шындық пен көркемдік үйлесімнің жас ұрпақ санасын тәрбиелеудегі маңызына тоқтала отырып, заманауи білім беру технологиялары – цифрлық платформалар, мультимедиялық құралдар, интерактивті әдістер арқылы I.Есенберлин мұрасын терең әрі әсерлі жеткізудің жолдарын ұсынады. Сонымен қатар, мақалада мектеп пен ЖОО-да қолдануға болатын тәжірибелік тәсілдер

мен жобалар үлгісі келтіріліп, олардың білім алушы тұлғасын дамытудағы әлеуеті сипатталады.

Түйін сөздер: Илияс Есенберлин, тарихи роман, ұлттық рух, көркемдік таным, білім беру технологиясы, интерактивті әдіс, цифрлық білім беру, оқыту әдістемесі, патриоттық тәрбие.

Кіріспе. Қазақ романының көрнекті өкілі, тарихи жазушы І. Есенберлиннің сөз өрнегі қазақ әдебиетінде қайталанбас қолтаңба тәрізді. Бүгінгі ұрпақ тарихи жазушы деп танитын қайраткердің қаламынан туындаған шығармалары қазақтың ұлы даласымен жасайтын ұлы тарихтың дәлелі. Қазақтың қисынға келмес қилы тағдыры, дүр дүниедегі дүбірлі де түбірлі ізі, тар жол тайғақты жолы бүгінгі жеңісіміздің өлшемі болмақ. Ақын Қадыр Мырза Әлі: «Қазақтың тарихы ұлы тарих, мұқабасы жұқа ғана» деп қазақтың өткеніндегі әр белеске өлшем беріп, парасатымен пайымдаса керек. Алайда қазақтың маңдайына біткен арда азаматтардың барлығына бірдей мүмкіндік жасалып, қолдау білдірмегендігін де білеміз. Қоғам мен саясаттың салқыны сананы сан саққа жүгіртіп, елдің есін екеу, ойын он қылған дүрбелеңі таусылған ба, бұл қазақтың. Тұғырлы тұлғаларынан айырылып, небір жайсаңдарынан жоғалтқан ұлтымыздың ұтылған ұпайын санап шығудың өзі мүмкін емес еді. Кейбір әдебиет қайраткерлерінің І. Есенберлинге «сен нағыз уақытыңда туған бақытты жазушысың» деп тандауы да осының меңзеп тұрғандай. Расында да, сонау тайпалық, рулық, хандық дәуірлерден өтіп Алаш, одан қалды Кеңес қоғамын өткерген қазақ даласының тұрмысы кімді де болса қызықтырары анық. І. Есенберлин Қазақ хандығының құрылуы мен өмір сүруі туралы тың деректерді жинау мен реттеу туралы «тапсырманы» республиканың бірінші басшысынан алған болатын. Жазушы ресейлік және отандық архивтерден сирек материалдарды «түйірлеп» «тамшылап» жинаса керек. Бұл ретте, Қ. Мұхамбетқалиұлы: «Ілекең тарихи тақырыпты көтеру арқылы ұлттың рухын көтерді. Тек тарихи тақырыпқа жазғанына емес, ұлттың санасына ықпал еткеніне де назар аудару керек [1, 25]. Оның үлкен ерлігі – тез арада көп шығарма жазуында. Рас, алғашқы жазылған «Қаһар» көркемдік деңгейі жоғары роман. Одан кейінгі «Алмас қылыш», «Жанталастың» көркемдік сапасы төмендеу. Бірақ, бұл Ілекеңнің осалдығы емес. Жиналған деректер оқырманға тезірек жол тартуы керек болатын. Тағы бір нәрсе, жазушының бағы жануы үшін оның заманы да тууы керек», - деген болатын.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Илияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің шоқтығы биік тұлғасы. Оның тарихи романдары ұлт тарихының терең қатпарларына үңілуге жол ашып, халқымыздың азаттық жолындағы күресін көркем тілмен кестелеп берді. Әсіресе, «Көшпенділер» трилогиясы мен «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» секілді еңбектері арқылы қазақ

халқының тағдыры, бірлігі мен бостандығы жолындағы күресі жан-жақты бейнеленеді.

Есенберлин туындыларының тарихи маңызы – ұлттық тарихты халық жадында сақтауы мен ұрпаққа жеткізуінде. Кеңестік кезеңде айтуға тыйым салынған кезеңдер мен тұлғалар Есенберлин шығармаларында шынайы бейнеленіп, ұлттық сана мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге жол ашты.

Рухани тұрғыдан алғанда, жазушының шығармалары ұлт болмысы мен мәдениетінің терең тамырларын ашып көрсетеді. Тарихи кейіпкерлердің ерлік істері, ар-ожданға адалдығы, ел үшін жан пида етуі бүгінгі жас ұрпаққа үлгі болары анық. Ол ұлттық рухты оятуға, отансүйгіштік сезімді арттыруға ерекше ықпал етеді.

Тәрбиелік жағынан І. Есенберлин туындылары – баға жетпес қазына. Жазушы кейіпкерлерінің мінезі, таңдауы, күресі – жас буын үшін өмірлік сабақ. Елі мен жеріне адал болу, қиын сәттерде рухты жоғалтпау, әділет жолында күресу – жазушы мұрасының өзегі. Бұл қасиеттер бүгінгі күннің де басты құндылықтары саналады.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық әдеби мұраларды, оның ішінде Ілияс Есенберлин сынды қаламгерлердің шығармаларын насихаттау – білім беру мен мәдени саясаттың өзекті мәселелерінің бірі. Себебі ұлттың рухани тұтастығы мен тарихи жады ең алдымен әдебиет арқылы қалыптасады. Ал оны өскелең ұрпақтың санасына сіңіру – бүгінгі ұстаз бен мәдениет майталмандарының басты міндеті.

Білім беру кеңістігінде Есенберлин шығармаларын оқыту – тек әдеби көркем мәтінді түсіндіру емес, ол – жастардың бойына отаншылдықты, тарихи сана мен ұлттық рухты дарыту. Алайда қазіргі заман жастарының ақпаратты қабылдау тәсілі өзгергенін ескерсек, дәстүрлі оқыту тәсілдерімен шектелу жеткіліксіз. Сол себепті жаңашыл әдістерді, цифрлық ресурстар мен интерактивті платформаларды пайдалана отырып, насихаттау қажет.

Мәдени кеңістікте де І. Есенберлин мұрасын кеңінен таныту – ұлттық идеологияның тірегі болуы керек. Театр сахналарында, кино саласында, әдеби подкасттар мен әлеуметтік желі жобаларында жазушы шығармаларын заманауи форматта ұсыну – жас ұрпақтың қызығушылығын оятып, тарихи шығармаларды қолжетімді етеді.

Қазақ әдебиетінің тарихында туған шығармалардың хронологиясына көз жүгіртер болсақ, 1960 жылдардан бері тарихи романдар көріне бастады. Мысалы: М.Мағауиннің «Аласапыраны», Ә.Кекілбаевтың «Елең-алаңы», Ө.Нұршайықовтың «Қан мен тері» қазақ санасын оятты [4,20]. Міне, сол шығармалардың әсерінен, түрлі жеңілістерден кейінгі жеңістердің ықпалымен біздер бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізіп отырмыз. Халықтың кешегі бастан өткергені көптеген тарихи романға жаңа тыныс бергендей болды. Ол - бүгінгі

тұтастарымыздың түсінігі мен танымының тарихи қалыптасу сипатын көрсететін жәй. Кеңестік дәуірде дүниеге келген тарихи роман бүгінгі таңда өзгеше және байсалды, тереңірек үңілуді талап етеді. Ол бабалар тұлғасын пайымдап, ұмытылмас бейнесін, лайықты ерлік істерін -салыстыруға мүмкіндік береді, қазіргі және болашақ ұрпақтарды тәрбиелеу үшін қызмет етіп өмір сүреді. Тарихи тақырыпты игерудегі көркемдік сипаттың бірі де осы. Ілияс Есенберлин шығармаларының басты құндылығы – шынайы оқиғалар мен кейіпкерлердің болуында. Оқиғалар неғұрлым шынайы болған сайын оқырманның есінде сақталады әрі әсері мол, қызығушылықты тудырады. Жазушының тарихи романдарында тарихты жаңғыртумен шектеліп қоймай, адамгершілік, психологиялық, мәдени мәселелерді біртұтас көтеруге көңіл бөледі. Романдарының барлығында қазақ елінің ХҮ-ХІХ ғ.ғ. тәуелсіздік үшін табанды күресін көркем суреттейді. Осы жолдағы қыруар қиындықты, ішкі қайшылықтарды, адам қатынастарын, олардың әрекеті мен мінез-құлықтарын, сырт жаулармен шайқаста шыныққан бірлікті, дәстүрді, салт-сананы көрсетеді. Жоғарыда айтқан ізденістерінің нәтижесінде тапқан материалдарынан (*тарихи жазба деректерге, шежіре мағлұматтарына, аңыз әңгімелерге сүйене*) қазақ тарихының аса маңызды тұстарын ашып, көптеген тарихи қайраткерлердің көркем тұлғасын жасайды. Ел басқарған билікті төрелердің ақыл-айласы, таным-түйсігі, биліктегі парыз мүдделері, елдің ертеңін ойлауы, өткен тарихын бағамдап, болашақ ізгі мақсаттарға көз тігуі - түптеп келгенде халық тағдыры, халық тарихы дейтін ұғымдардың түп қазықтарының бірі екендігі шындық.

Талқылау мен бақылау. Ілияс Есенберлиннің тарихи романдары қазақ тарихының түрлі кезеңдерін қамтып, тарихи шындықты көркемдік тұрғыдан бейнелейді. Оның шығармаларында нақты тарихи оқиғалар мен тұлғалар негізге алынған. Орта ғасырларда қазақ даласында не болып жатқанын білмей адамзаттың тарихын түсіну мүмкін емес. Себебі орта ғасырда, 50-жылдары Ұлттық процестің аяқталуы, қазақ деген этностың сахнаға шығуы. Яғни қазақ хандығы деген бір орталыққа бірігуі. Төменде тарихи шындыққа негізделген бірнеше мысал келтірілген:

«Көшпенділер» трилогиясы қазақ халқының XV-ХІХ ғасырлардағы тарихын қамтиды.

• **Қазақ хандығының құрылуы (XV ғасыр)**

«*Алмас қылыш*» романында Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Жәнібек пен Керей бастаған қазақтардың Моғолстанға көшіп, Қазақ хандығының негізін қалауы тарихи деректерге сай беріледі. Бұл оқиға 1456-1465 жылдары болған тарихи шындыққа негізделген.

• **Қасым ханның билігі және «Қасым ханның қасқа жолы»**

Трилогияда Қасым ханның (1511-1523 жж.) тұсында қазақ халқының саны

1 миллионға жетіп, мемлекеттің күшейгені айтылады. Бұл тарихи шындыққа сәйкес келеді, себебі Қасым хан тұсында Қазақ хандығы ең қуатты мемлекеттердің біріне айналған.

• **Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама (1723 жыл)**

«Жанталас» романында жоңғарлардың Қазақ хандығына жасаған шапқыншылығы, халықтың ауыр қасіретке ұшырауы тарихи шындыққа негізделген. Бұл оқиғалар тарихта «Ақтабан шұбырынды» деген атаумен белгілі [1,45].

«Алтын Орда» трилогиясы Алтын Орданың құрылуынан бастап, оның құлдырау кезеңіне дейінгі тарихи оқиғаларды баяндайды.

Шыңғыс хан және оның ұрпақтарының билігі

Кітапта Алтын Орданың негізін қалаған Бату ханның (Жошының ұлы) жорықтары, билігі, сондай-ақ Берке ханның ислам дінін қабылдауы тарихи шындыққа сай баяндалады.

Алтын Орданың ыдырауы.

Трилогияда Тоқтамыс хан мен Әмір Темір арасындағы соғыстар, Алтын Орданың әлсіреуі нақты тарихи деректерге негізделген.

«Қаһар» романында Абылай ханның жоңғарлармен, Ресей және Қытай империяларымен қарым-қатынасы тарихи дәлдікпен сипатталады. Абылайдың жоңғар тұтқынына түсуі, оны босату үшін қазақ билеушілерінің келіссөз жүргізуі тарихи оқиғаларға негізделген.

Илияс Есенберлин тарихи деректерді негізге ала отырып, қазақ халқының өткенін көркемдік тілмен жеткізді. Оның шығармаларындағы көптеген оқиғалар тарихи шындыққа сай келеді, бірақ көркем әдебиет болғандықтан, кейбір тұстары автордың қиялымен толықтырылған.

Автор хандық дәуірге лайық тақ таластарын әр қырынан ала отырып, қазақ халқының өміріне тән рулық тартыстың астарларын ашуға тырысады. Мысалы: «Алмас қылыш» романындағы Асан қайғы, Қазтуған жырау, Қазыбек, Төле, Әйтеке сынды тарихи тұлғалар, аттары бүкіл қазаққа мәлім билердің, ондаған өнер адамдарының жарқын бейнелері қатар түзейді [2,70]. Аталған роман негізінде түсірілген кинофильм де ұлттық тарихымызды экран арқылы жаңғыртудың маңызды үлгілерінің бірі болды. Фильм тарихи оқиғалар мен кейіпкерлердің бейнесін көркемдік тұрғыдан жеткізуге бағытталды. Режиссерлер мен сценаристер тарихи шындықты сақтай отырып, көркемдік шешімдер арқылы оқиғаны жандандыруға тырысты. Бұл кинофильм Есенберлиннің мұрасын насихаттауда, қазақ халқының тарихи жадысын жаңғыртуда ерекше орын алды. Фильмнің көркемдік ерекшелігі, костюмдер мен декорациялардың шынайылығы, тарихи кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекеттері романдағыдай әсерлі бейнеленіп, көрерменге терең ой салды.

Нәтижелер. Осы орайда айта кететін дүние, өздеріңізге белгілі 2023 жылы жарық көрген «Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқытуға арналған жаттығулар жинағы» қазақ тілін оқыту әдістемесінің қоржына қосылған тың жаңалықтың бірі болды. Аталған әдістемеліктің негізгі мақсаты – ұлттық тарихымызды тереңінен таныстыра отырып, ежелгі ұлы тұлғалардың сөз саптау, сөйлеу мәдениеті, сөз оралымдары арқылы тіл үйренушінің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Бұл еңбектегі фильмдер алаштану, балаларға арналған бөлім және түрлі тарихи оқиғалар бойынша жіктелген. Автор біріншіден - кинофильмдерден үзінділер беру арқылы маңызды оқиғаларды тіл үйренушіге таныстыру, тарихты еске түсіру принципін көздейді. Екіншіден тыңдалым бойынша дағды қалыптастыру және грамматикалық тапсырмаларды орындауға арналған жұмыстарды ұсынады. Үшіншіден, әр фильм мен фильм бөлімдерінде кездесетін ұлттық болмыс, ұлттық құндылық мәселесін тапсырмаларды беру арқылы көтереді. Төртіншіден сөйлеу әрекеттерінің (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) барлық түрлерінде қамтылуы үш қағиданы (мәтін алды, мәтін кезеңі және мәтін соңы) сақтаған.

Тапсырмалар деңгейіне қарай тіл үйренушіні кейіпкерді тануына, ол туралы өз бетінше сипаттама бере алатындай, оқиғаны болжап, шешім шығаруына, тіл шұрайы мен тазалығын сақтауға, сөйлеу, жазу, оқуға дағдыландыруға бағытталған [13,2]. Фильмнің мазмұны мен көлеміне сәйкес тапсырмалар түрі де жаңартылып отырады. Мазмұны бойынша суретпен болжау немесе сәйкестендіру, кейіпкер картасы, дұрыс не бұрыс, жетек сұрақтар, жағдаяттық тапсырмалар, диалогтік әдіс, тест жұмыстары қамтылған. Тыңдаушылар назарына тарихи фильмдерді ұсына отырып сол сәтте кері байланыс орнатуға зор мүмкіндіктер қарастырылған.

Келесі кезекте аталған әдістемеліктен «Алмас қылыш» фильмі арқылы қазақ тілін үйретуге бағытталған тапсырмалармен бөліскім келеді. Фильмнен үзінділер арнайы QR-ға салынып, сәйкесінше төменгі бөлігінде тапсырмалар берілген. Тыңдаушылар үзіндіні көре отырып тапсырмаларды орындайды. Бұл бір жағынан тіл үйрету болса, екінші жағынан ұлт тарихын тануға насихаттайды және таным көкжиегі кеңейте отырып ұлттық сананы қалыптастыруға негіз болады.

Сонымен қатар, Илияс Есенберлин шығармалары қазақ әдебиетінде тарихи романдар жанрының дамуына жол ашып, кейінгі буын қаламгерлерге бағытбағдар көрсетті. Оның еңбектері қазіргі таңда да маңызын жоғалтпай, зерттеу нысанына айналып отыр.

Есенберлин шығармашылығын насихаттау үшін жаңа технологияларды пайдалану қажет. Заманауи жастар визуалды контентті, интерактивті ойындарды және қысқа форматтағы ақпараттарды жақсы қабылдайды. Сондықтан әлеу-

меттік желілер, анимация, видео, мобильді қосымшалар, VR жобалар және ойын индустриясы арқылы оның шығармаларын көпшілікке ұсыну ең тиімді әдістердің бірі болмақ. Жазушының көркемдік әлемі, тарихи фактілерді көркем түрде жеткізу шеберлігі, ұлттық рухты оятудағы миссиясы – оның әдеби мұрасын мәңгілік ететін құндылықтар санатына жататыны сөзсіз. [8,6].

Осылайша, Ілияс Есенберлин өз еңбектері арқылы қазақ халқының тарихын жаңғыртып, тарихи шындықты болашақ ұрпаққа жеткізген ұлы қаламгерлердің бірі болып табылады. Оның шығармалары – ұлттың тарихи жады мен рухани мұрасының айқын көрінісі.

Қорытынды. Ілияс Есенберлиннің шығармашылығы – қазақ халқының рухани қазынасы, тарихи жадының көркем шежіресі. Алайда бұл мұраны қазіргі ұрпаққа кеңінен жеткізіп, оның маңызын сезіндіру үшін жаңашыл, заманауи әдістерді қолдану – уақыт талабы. Жастардың ақпаратты қабылдау тәсілі мен қызығушылығы өзгерген бүгінгі қоғамда дәстүрлі насихаттаудан бөлек, креативті әрі технологиялық шешімдер қажет.

Мәселен, аудиокітаптар мен подкасттар – Есенберлин романдарын кез келген уақытта тыңдап, тарихи танымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Мультфильмдер мен анимациялық шоулар – әсіресе мектеп жасындағы балалар үшін күрделі тарихи оқиғаларды жеңіл қабылдауға жол ашады. TikTok, Instagram Reels секілді платформаларда қысқа, әсерлі бейнежазбалар арқылы жазушы шығармаларының негізгі идеяларын тарату – кең аудиторияға жол ашады.

Сондай-ақ AR/VR технологиялары арқылы Есенберлин шығармаларындағы тарихи көріністерді визуализациялау – оқырманды сол дәуірге сапар шектіріп, кейіпкерлермен бірге сезінуге мүмкіндік беретін жаңа құрал. Интерактивті әдеби квесттер, викториналар, геймификацияланған оқыту платформалары – жастардың белсенділігін арттырып, әдебиетке деген қызығушылығын оятады. [6, 19].

Жаңашыл әдістердің әлеуеті – әдеби мұраны қазіргі заманның тілімен сөйлетуінде. Бұл тәсілдер арқылы Ілияс Есенберлин шығармаларын тек оқулық шеңберінде ғана емес, күнделікті мәдени тұтынуға енгізу мүмкін болады. Ең бастысы – ұлттың тарихи жады мен рухани құндылықтарын бүгінгі буынның жүрегіне жол табатындай етіп жеткізу.

I. Есенберлин шығармаларын насихаттаудың жаңа әдістерін енгізу оның еңбектерін кең аудиторияға қолжетімді етіп, жастардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Әсіресе, цифрлық технологиялар мен интерактивті форматтар арқылы жас буынға шығармашылық мұраны жеткізу тиімді болмақ. Осы орайда, мемлекеттік деңгейде арнайы жобалар әзірлеу, оқу орындарында заманауи әдістерді қолдану және мәдени мекемелермен бірлесе отырып жұмыстар жүргізу маңызды. Осы әдістерді пайдалану арқылы I. Есенберлин шығармалары ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ұлттық мұрамыздың маңыздылығы арта түспек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Есенберлин И. «Алтын Орда». – Алматы: Жазушы, 1992.
2. Есенберлин И. «Қаһар». – Алматы: Жазушы, 1993.
3. Әбдуәли Қ. (2017). Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері. – Алматы: Қазақ университеті.
4. Жұмабаев С. (2019). Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Нұр-Сұлтан: Мектеп баспасы.
5. Сағындық Б. (2020). Бұқаралық ақпарат құралдарындағы әдебиет. – Қарағанды: Ғылым.
6. Қайрат Н. (2021). Цифрлық технологиялар және әдебиет. – Алматы: Дәуір.
7. Омаров А. (2022). Қазақ комикстері мен графикалық новеллалар. – Шымкент: Өрлеу.
8. Сейітов Д. (2023). Интерактивті оқыту әдістері. – Павлодар: Интеллект.
9. Тұрсын Е. (2024). Gamification технологиялары және олардың тиімділігі. – Астана: Жаңа формат.
10. Нұрғалиев Р. «Қазақ әдебиеті: дәуір, тұлға, шығармашылық». – Алматы: Атамұра, 2007.
11. Тұрсынов А. «Есенберлин шығармаларындағы тарихи шындық». Қазақ әдебиеті, 2010.
12. Жұмабаев С. «И. Есенберлин: өмірі мен шығармашылығы». – Алматы: Ғылым, 2012.
13. «Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқытуға арналған жаттығулар жинағы», 2023.
14. Eagleton T. (2005). The Idea of Culture. Blackwell Publishing.
15. Hobsbawm E. (1990). Nations and Nationalism since 1780: Programme, Myth, Reality. Cambridge University Press.

А.Р. ОРЫНБАЕВА

Научно-методический отдел облостного Центра обучения языкам
Кызылорда, Казахстан.
(Orynbaeva.97@mail.ru)

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К МЕТОДОЛОГИЧЕСКОМУ ОБЕСПЕЧЕНИЮ ПОПУЛЯРИЗАЦИИ ТВОРЧЕСТВА И. ЕСЕНБЕРЛИНА

Аннотация. В данной статье рассматриваются инновационные методики

эффективной популяризации историко-эпических произведений выдающегося представителя казахской литературы Ильяса Есенберлина в образовательном процессе. Автор акцентирует внимание на значении национального духа, исторической правды и художественной гармонии в воспитании сознания молодого поколения, а также предлагает современные образовательные технологии – цифровые платформы, мультимедийные средства, интерактивные методы – как инструмент для более глубокого и эмоционального освоения наследия писателя. Кроме того, в статье представлены практические подходы и примеры проектов, которые могут быть использованы в школах и вузах, с описанием их потенциала в развитии личности обучающихся.

Ключевые слова: Ильяс Есенберлин, исторический роман, национальный дух, художественное восприятие, образовательные технологии, интерактивные методы, цифровое обучение, методика преподавания, патриотическое воспитание.

A.R. ORYNBAYEVA

Head of the Scientific and Methodological Department at the Language Learning Center of Kyzylorda Region, Master of Philology.

Kyzylorda, Kazakhstan.
(Orynbaeva.97@mail.ru)

INNOVATIVE METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE POPULARIZATION OF ILYAS YESENBERLIN'S WORKS

Annotation. This article explores innovative methods for effectively promoting the historical-epic works of Ilyas Yesenberlin, a prominent figure in Kazakh literature, within the educational process. The author highlights the significance of national spirit, historical truth, and artistic harmony in shaping the consciousness of the younger generation. The article proposes modern educational technologies – such as digital platforms, multimedia tools, and interactive methods – as effective means to deliver Yesenberlin's legacy in a profound and impactful way. Additionally, the article presents practical approaches and sample projects that can be implemented in schools and universities, emphasizing their potential to foster students' personal development.

Keywords: Ilyas Yesenberlin, historical novel, national spirit, artistic perception, educational technology, interactive methods, digital learning, teaching methodology, patriotic education.

References

1. Yesenberlin I. Golden Horde. Almaty: Zhazushy, 1992.
2. Yesenberlin I. Qakhar (Fury). Almaty: Zhazushy, 1993.
3. Abduali Q. (2017). Prominent Figures of Kazakh Literature. Almaty: Kazakh University.
4. Zhumabayev S. (2019). Methods of Teaching Kazakh Literature. Nur-Sultan: Mektep Publishing.
5. Sagyndyk B. (2020). Literature in Mass Media. Karaganda: Gylym.
6. Kairat N. (2021). Digital Technologies and Literature. Almaty: Dair.
7. Omarov A. (2022). Kazakh Comics and Graphic Novels. Shymkent: Orleu.
8. Seitov D. (2023). Interactive Teaching Methods. Pavlodar: Intellect.
9. Tursyn E. (2024). Gamification Technologies and Their Effectiveness. Astana: Zhana Format.
10. Nurgaliyev R. Kazakh Literature: Epoch, Personality, Creativity. Almaty: Atamura, 2007.
11. Tursynov A. Historical Truth in Yesenberlin's Works. Kazakh Literature, 2010.
12. Zhumabayev S. I. Yesenberlin: Life and Creativity. Almaty: Gylym, 2012.
13. Exercise Collection for Learning the Kazakh Language through Films, 2023.
14. Eagleton T. (2005). The Idea of Culture. Blackwell Publishing.
15. Hobsbawm E. (1990). Nations and Nationalism since 1780: Programme, Myth, Reality. Cambridge University Press.

Автор туралы мәлімет:

Орынбаева Алтынай Романқызы – филология ғылымдарының магистрі Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының ғылыми-әдістемелік бөлім басшысы, Қызылорда, Қазақстан.

Орынбаева Алтынай Романовна – Руководитель научно-методического отдела Центра обучения языкам Кызылординской области, магистр филологических наук, Кызылорда, Казахстан.

Orynbayeva Altynai Romanqyzy – Master of Philology, Head of the Scientific and Methodological Department at the Language Learning Center of Kyzylorda Region, Kyzylorda, Kazakhstan.

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Автор стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«ТІЛ-ҚАЗЫНА» ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Г. ТӨКЕНҚЫЗЫ**
Жауапты редактор **Д. ОСПАНОВА**
Дизайнын және электронды нұсқасын дайындаған
С.Баубек

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7А,
Тел.: +7 776 111 81 86
til.qogam@tilqazyna.kz

Беттеуге берілген күні:
Электронды нұсқаға қол қойылған күні:
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 9.02
Таралымы 110 дана